

Сәрсекке, М.

Ебіней Бөкетов: Белгілі жайдың белгісіз беттері / М. Сәрсекке // Егемен Қазақстан. - 2014. - 10 қыркүйек (№176). - (Мұрағат).



1975 жылдың 4 шілдесінде «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Көркем аударма, хал қалай?» атты әдеби мақаласында Ебіней Бөкетов аудармашылық жұмыстың қиындығын, қажырлы еңбек тілейтінін айта келіп: «Ал қайыр, жазушылық еңбекке тың ой туғанда, білімі өрісім ұзара келе жазуға тұратын татымды дүние бар екендігін жан-жүрегіммен жете түсінген кезде әдебиетке қайтып оралдым. Соны қаншалықты сәтті орындай алдым – оны таразылау қауымның еншісінде...» – деп сыр шертіпті.

Бала күнінен әуес ісіне окта-текте аңсары аумай, әредік ой тарқатып, көңіл сергіту үшін болса да сүйікті дүниелерін қайталап оқып, иә содан туған ой-тебіренісі жайында қалам тартпай тыныш жату мүмкін бе? Оған қоса табандатқан он жыл бойы? Жоқ, бойында ақындық шабыт бар, әсерлі сөзге сезігі нәзік жанның соншама уақыт алып ұйқыға кеткендей үнсіз қалуы неғайбыл іс. Олай болса жүрек түкпірінде мүлгіп жатқан ақындық пегас еркіне қоймай, шабыт тұлпарына мінгізіп алып, шу деген тәрізді. Сергей Есениннің «Анна Снегина» поэмасын аударғаны – сондай сәттің жемісі...

Биобиблиографиялық анықтамасында ғалымның 1971 жылы КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданғаны жазылған. Рас, бұл кезде оның қаламынан туған бірде-бір әдеби туындысы жеке кітап болып жарық көрмеген. Владимир Маяковскийден қазақшалаған аудармалары – «Қандала» драмасы мен «Керемет» («Хорошо») поэмасы ортақ жинақтарда жарияланған. Ал аударма өнерін кәсіп етушілердің бәрі бірдей шығармашылық одаққа кіре алмайды. Демек, ол Қазақстан Жазушылар ұжымына қаламы жүйрік сыншы ретінде қабылданған.

1972 жылы КСРО-ның құрылғанына 50 жыл толды. Саяси жөнінен мән-мағынасы ерекше оқиғаны дүбірлі мереке етпей, жүзден аса ұлттың басын біріктіріп отырған алып мемлекеттің атақ-дабысын тағы бір мәрте әлемге әйгілеу мүмкіндігінен Кеңес Одағы, оның рухын көтерушілер, әрине, бас

тартпаған. Соған орай жер-жерде мерекелік жиындар өткізілмек. Күллі Одақ басылымдары іргесі бекем мемлекет құрылымы, ортақ табысы, мәдени-рухани өркендеуі жайында айғақты материалдар жариялауға тиіс.

Одақтық әдеби-қоғамдық «Знамя» журналының бас редакторы, сол уақыттың әйгілі қаламгері Вадим Кожевников Мәскеуге кезекті шығармашылық сапармен келген, КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, көрнекті қазақ жазушысы Ғабит Мүсіреповке жолығып, мерекелік басылымға лайықты қаһарман тауып беруін, әмбе соны өзінің жазуын қолқалайды. Нендей іске болсын байыппен қарайтын Ғабен сыпайы түрде бас тартып, бұл тапсырманы менен де гөрі тыңғылықты орындайтын автор Ебіней Бөкетов дейді. Жазатын қаһарманды да соның өзі табатынын айтады...

Беделді мәскеулік журналдың (таралымы екі миллион дана!) тапсырысына Ебіней Арыстанұлы уақытым жоқ деп кергімеді. Бірер апта сарыла еңбек етті де, көлемді очеркті едел-жедел жазып, қайыра түзетуден кейін Мәскеуге жолдады. «Знамя» журналы оны сол жылғы 8-санында жария етті.

Осы жарияланым Ебіней Бөкетовтің өзі шұғылданған металлургия ілімі ғана емес, әдебиет саласында да өзіндік танымы, ойы, айтары бар білікті қаламгер екендігін тағы да аңғартты. Қаламын бұрынғыдан да ұштай түсіп, кемелдікке бет бұрған шабыт иесі, орыс тілінде де көсіле жазатын әмбебап жазушы... екенін мойындаған зиялы қауым бұл жолы да оған айрықша риза болды. Өйткені, соны ол Мәскеудің беделді басылымы арқылы танытты...

«Атан қомында туған адам...» – белгілі қоғам қайраткері, көп жылдар Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрі болған, Қазақстан ҒА-сы мен КСРО Медицина академиясының корреспондент-мүшесі, республика ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Ишанбай Қарағұловтың 1909 жылы, көшіп келе жатқанда, жолшыбай, «атан қомында, аспанда, жаратушыға бір табан жақын жоғарыда дүниеге келіп, таза жел мен күн сәулесін жұта...» тууын әскездеп суреттеп, сол бір таңғажайып оқыс оқиға арқылы қазақтың көшпенді тұрмысын көрсете отырып, туған халқымыздың Ишанбай ғана емес, Шоқан, Абай, Қаныш, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Әлкей, Әбікен, Нәйла... сияқты, жалпы қарасы жүзге тарта саңлақ ғалымдары осыған ұқсас жағдайда жарық дүниеге келгенін, олардың өсу жолдарын бір-біріне жалғастыра сипаттап, содан бергі ұзақ жылдарда сан алуан өмір белестерінен өткен сом талант иелері – ірі ғалымдар, мәдениет қайраткерлері туып, бәр-бәрінің қауым үшін игі еңбекпен шұғылданып жүргенін баяндаған публицистикалық шығарма. Қаламгер осы тұлғалар шоғырының ірі істерін айрықша даралап, кестелі тілмен көркем түрде айшықтаған. Соңғы ғасыр ауқымында қазақ жұртының өзінен көш ілгері алға шығып кеткен өркениетті жұрттарды қуып жетіп, рухани өсіп, иық теңестіргенін паш етеді...

Осы очерк мәні өзгеше тағы бір айғақты көлденең тартумен аяқталыпты: «Жуықта мен ...Ақтөбе облысында Қарағұлдың 14-ші баласы түйе қомында туған жерде, Төлегенова Сақып деген әйелдің 16-шы баласы... самолетте келе жатқанда дүниеге келгенін білдім. Баланың кіндігін жолаушы дәрігер Аманкелді Қамалов кесіпті... Арасында 63 жыл жатқан осы екі оқиға менің

халқымның сәулелі келешекке бір-ақ секіріп шыққанын жеткілікті түрде аңғартса керек...»

Ебіней Бөкетовтің ғалымдық пен жазушылықты қатар меңгерген мадақ дақпырты дүйім елге жайылып, мерзімді баспасөз редакциялары одан дәстүрлі мерекелер алдында алуан тақырыпқа мақала сұрап, ең болмағанда сұхбат беруді дәстүрге айналдырды. Бұған дейін «Орталық Қазақстанда» (Қарағанды облыстық газеті) әредік көрініп жүрген ғалым сөзі енді республикалық басылымдар – «Лениншіл жас», «Казахстанская правда», «Ленинская смена», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Жұлдыз», «Білім және Еңбек» журналында жиі-жиі жарияланатын болды.

Ал жер-жердегі қалың оқырман, атақ-дақпыртына қарадай қанық зиялы қауым Қазақстан ғылымы мен әдебиетінде өзіндік үнімен жарқ еткен тұлғадан бұлардан гөрі ауқымдырақ та мәндірек туындылар күтті. Бірақ, Ебіней Арыстанұлы бұрыннан бітіп, басуға дайын тұрған туындыларын кітап етіп жариялауға асыққан жоқ. Әдебиет ісінің жауапкершілігін жете білгендіктен сөйтті ме, әлде сүбелі дүниемен көрінуді жөн көрді ме, кім білсін? Оның нақты себебін енді ешкімнен сұрай алмайсың. Сөйтсе де, ықтимал жорамал айтамыз: жұртты елеңдеткен әдеби жазбаларының бәрі тек қана орыс тілінде, ең сүбелісі – «Человек, родившийся на верблюде и его сверстники» мәскеулік басылымда жарияланғандықтан жан-жаратылысы қазақы ғалым әдебиет әлеміндегі ең алғашқы кітабын, сірә, ана тілінде шығаруды жөн көрген.

Ебіней Арыстанұлының ана тіліндегі тұңғыш кітабы «Жазушы» баспасынан «Атан қомында туған адам» деген атпен 1975 жылдың қара күзінде жарық көрді. Қаламгердің оған 6 еңбегі енген: «Атан қомында туған адам» очеркі, «Қос алып» деп атаған – А. Пушкин мен В. Маяковский туралы ізденісі, «Тәржіма туралы ой» («В. Маяковский шығармаларының қазақ тіліне аударылуы» атты әйгілі сыны), «Жұлдыздар шоғыры» – Қажықұмар Қуандықовпен бірігіп жазған қазақ театрларының маңдайалды жарқын жұлдыздары мен сахна өнерінің қыры-сыры жайында толғаныс, «Парасат, білім бұлағы» – өзі жұмыс істейтін Қазақстандағы екінші университеттің хал-жайы, келешегі туралы жүрекжарды ойлары; ең соңғы толғаныс – «Замандас жастар туралы» деп аталыпты. Онда да жер ортасына келген ғалым-ұстаз қазіргі жас қауым туралы көкейкесті ойларын публицистикалық сарында сөз етіпті.

Тұңғыш жинаққа профессор Зейнолла Қабдолов «Селен мен өлең» деген атаумен алғысөз жазған. «Ебіней жас жігіт кезінің өзінде уытты, жігерлі, екі тілге бірдей шешен, өз ісіне мығым болатын. Не нәрсеге де бейтарап, енжар қарай алмайтын, көзі мен көкірегі бірдей ояу, ойлы, қимыл-әрекеті ширақ, тыңғылықты еді. Осы сипаттары қазіргі жігіт ағасы кезінде де қаз қалпында. Мұның да арғы тамырын әдебиеттен іздеу абзал. Өйткені, инженер-металлург болуға бет алған шәкірт Ебіней физика мен лириканы ешқашан бөле қараған емес... Әуезовтің «Абайын» басына жастанып жататын Ебіней ғалым-жазушыны әдебиетшілер ағасы ғана емес, оқымыстылар ұстазы деп те танытын. Профессор Бөкетов пәрменіндегі селен мен өлеңнің бірлігін, міне,

осы арадан іздеген жөн... – дей келіп әдебиетші әріптесі сөзін мынадай жүрекжарды оймен аяқтайды. – Задында, тірі кісі әрқашан сапарда. Елудің беліне еркін көтеріліп, кемел шағына келген Ебіней Бөкетов те бұрынғыша тоқтаусыз, тоқыраусыз жүріп, ғылым мен өнер асуларына беттеп барады. Сапар оң болсын!».

Атың жүріп тұрғанда мұның қалай дейтін жан болмайды, әсілі. Есімі дүйім елге мәшһүр ғалымның тұңғыш әдеби жинағын қазақ қауымы ілтипатпен қарсы алды. Республикалық, облыстық басылымдар оны жарыса мақтаған рецензиялар жариялады. Бәр-бәрінің айтқаны: көп жылдар бойы әдебиет әлеміне сыншы, аудармашы ретінде оқта-текте қатысып, салиқалы ойлар айтып, жұртты тамсантип жүрген металлург-ғалым шынайы білгірлігін қайта танытты; сонымен-ақ ол келешекте бұдан да білікті, бұдан да терең ой қозғап, кемелдік аңғартар... деп күтеміз.

Біз сөз еткелі отырған кітаптың орысшасы «Грани творчества» деген атпен «Жазушы» баспасынан 1977 жылы жарыққа шыққан. Бұл да, шынтуайтын айтқанда, жарысқа қосқан аты бәйгеден келіп тұрған ғалым-жазушының әдеби еңбегіне ешқандай тосқауыл қойылмай, ұсынған қалпында, кешікпей жарияланғанын аңғартады.

Бұған дейін анда-санда, кейде ұзақ уақыт үзіліс жасап әдебиет әлеміне сирек қатысып жүрген ғалым ғұмырының соңғы он бес жылында (1969-1983 жылдар) көңілі хош көрген тақырыпқа жиірек қалам сілтеген. Биобиблиографиялық көрсеткішінде нақты аталған жарияланым қарамы – 40 шамалы, бұлардың ішінде жұртшылыққа мәлім кітаптары, эссе жазбалары да бар. Осы қарсаңда ол әлеумет жұмысына белсене қатысып, жергілікті газет пен облыстық телерадио редакцияларының тапсырмалары бойынша да әрқилы мақала жазып, арнайы сұхбаттарды жүргізуші болғаны мәлім. Ресей мен Қазақстанның тележурналистері бірлесіп дайындаған, Қарағанды мен Екібастұз көмір ошағының күш-қуатын, тарихы мен металлургия өндірісінің осы өңірде қалыптасуын, дамуын сөз ететін «Омбы шәрінен түстікке таман» атты деректі телефильмнің авторы да, жүргізушісі де Ебіней Бөкетов болғанын бүгінде көпшілік жұрт жете білмейді!.. Ал өзі үзбей шұғылданған химия ілімінің көкейкесті мәселелеріне арналған ғылыми еңбектері қаншама! Оның үстіне қаншама аспиранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілік етті. Қаншама ғылыми атақ қорғаушыларға ресми оппонент болды. Кейбір ғылыми еңбектерге редактор болып қол қойды. Әмбе ол бір нәрсені шола қарап, «Е, бопты» деп қолын сүйкей салатын еріншек кісі емес. Кітаптың да, қолжазбаның да ашық жеріне пікірін жазып, кейбірін қолма-қол түзетіп отыратын мейлінше тақуа, мейлінше әскез адам. Соның бәрін аз десеңіз, профессор һәм әдебиетші жөнімен химия және филология факультеттері студенттерінің диплом жұмысына жетекшілік етуден де бас тартпаған. Ғылыми ірі ізденістермен тұрақты шұғылданып әрі ҚарМУ сияқты неше мың адамнан құралған үлкен ұжымды басқаратын ғалым әдеби шығармашылықпен айналысуға уақытты қалай тапқан... деп таңғаласың.

1979 жылдың қара күзінде ҚарМУ-дің филология факультетінің студенттері ғалым-әдебиетшіні кездесуге шақырып, сауалдарын жазбаша

жолдап, біз жоғарыда тізген күмәнді жайттарға Ебіней Арыстанұлы ағынан жарыла түсінік берген...

– Сіз қалайша жазушы болдыңыз?

– Тағдырдың жазуымен, Алланың бұйрығымен... деген түйсіктермен түсіндірсем арзан сөз болар... Кітапқұмар адамдардың әуей әдетімен жас күнімнен бірдеме жазуға, аударма жасауға құштар болдым. Мектеп қабырғасында жүргенімде А.С. Пушкиннің мерейтойы ерекше дабырамен өтті, сол оқиға менің жадымда өшпестей із қалдырды. Ақынның сол қарсаңда жарық көрген керемет үлкен мерекелік жинағы қолыма түсіп, соны оқудан ерекше ләззат алдым. Әрине, содан кейін-ақ мен «өлең жазғыш» болып шыға келдім.

– Химик-металлург болғаныңызға қазірде өкінбейсіз бе?

– Жоқ! Бұ да белгілі түрде шабыт тілейтін жұмыс, соның жәрдемімен мен өндірістің қыры мен сырын таныдым, сөйте жүріп осы заманғы ғалымның өмірдегі нақты орнын жете түсініп, жұртшылыққа пайдалы іс етуге мүмкіндік беретін мамандықты игердім. Алайда, алғашқы махаббат сияқты, поэзияға, әдебиетке деген ынтызарлығым титтей де өзгерген жоқ. «Шығармашылықтың сегіз қыры» («Грани творчества») атты еңбегімде өзіме ерекше жақын, әрі тәу алыста қалған оқытушым туралы айттым, «Тағдырдың жарқын уақытында» («Время светлой судьбы») осы заманғы ғылымды дамыту мен туған халқымның өсіп-өркендеу жолдары туралы көкейкесті ойларымды сыр ғып шерттім.

– Шығармашылық еңбегіңіздің ерекшеліктері туралы не айтасыз?

– Ерекшелікке нені даралап айту керек, білмеймін. Ең алдымен өзінді қиын жұмысқа жегудің қажеттігі сөзсіз. Күн сайын, таңғы сағат 6.00 мен 8.00 аралығында ештеңеге аландамай, екі сағат беріле жұмыс істеймін. Бұлар енді мен үшін ең өнімді, ең нәтижелі уақыт. Бұрқыратып көп-ақ жазамын, бірақ содан түзеткенде – бір-ақ бет қалады.

– Сонда сіздің әдеби еңбекке бөлетін уақытыңыз осы ғана ма?

– Әлбетте, бұл – бұзылмайтын қағида емес. Серуендеп жүргенде, иә жолға шыққанда ойынды екшеуге мүмкіндік туады. Кейбір сапарда кезіккен жолаушының оқыс әңгімесі, не бұрын ойлап жүрген істі жаңа бір қырынан көріп шабыттана бастайсың. Жазушы атанған соң замандастарың ғана емес, классиктерді үнемі оқып отыру керек. Л.Н.Толстойды, Ф.М.Достоевскийді және басқаларды да жиі оқимын.

– Өзіңізді әуесқой жазушы санайсыз ба? Жалпы, әуесқой өнерге көзқарасыңыз?

– Әуесқойлық! Мағынасы екіұшты сөз, онды әуенінен гөрі зілі басым сияқты. Жә, соны біз кімге таңамыз? А.П.Чеховқа байланысты айтсақ – мамандығы бойынша дәрігер, ал сүйген ісі – жазушылық. Л.Н.Толстой – кімді болсын мінегіштер түйсігімен айтқанда, шала оқыған білімпаз. Немесе «өмір университеттерінен» ғана өткен М.Горький – күллі жазушылардың ұстазы. Осылардың қайсысын дилетант әуесқой дейміз? Маршал Жуковтың тамаша мемуарын оқыған боларсыздар? Ол кісі тек қана естелік жазды, құдайшылығын айтқанда, 1941-1945 жылдардың «Соғыс және бейбітшілігін»

жазған жоқ. Соған да тәубе делік. Ал сөйте тұра, соғыс жылдарында бірер емес, ондаған «Бородино шайқасын» жүргізіп, жеңіске жетті. Оның басындағы орасан зор материал Л.Н.Толстойдың жиған деректерінен анағұрлым көбірек. Жуковқа естелігі үшін рахмет деуіміз керек...

Менде филологиялық білім жоқ, алайда жазушы ретінде де, аудармашы ретінде де өзімді әуесқой әдебиетші дей алмаймын. Ал арнайы білім алған, әдеби институт бітіргендердің арасында жұрт оқымайтын кәсіби жазғыштар аз емес. Сондай-ақ, білімі жоқ, бірақ өзі таңдаған кәсіпте білімділерден әлдеқайда артық та пайдалы жұмыс істейтін таланттар қаншама және ерекше көп! Ең ғажабы, осы дилетанттар ғылымды шырқау биікке көтерушілер, әдебиетте де солай. Бұл болса «шала білімді» С. Есенин, оны да кезінде, өзі айтқандай, көп жылдар бойы әуесқой ақын санаған. Ал В.В. Маяковскийді осы күнге дейін дилетант деп менсінбей қараушылар аз емес...

Ебіней Арыстанұлының туған інісі Қамзабай Арыстанұлы өз естелігінде ағасының 1962 жылы Сочи қаласында демалып жатып, «Тұрған бойы тұнған талант, шынайы орыс ақыны» (М. Горькийдің анықтамасы), А. Пушкиннен кейін орыс жұрты араға жүз жыл салып туған сом талант Сергей Есениннің дарқан өмірмен өз еркімен қоштасар алдында, 1925 жылы жазған ең соңғы лиро-эпикалық поэмасы «Анна Снегинаны» бас-аяғы екі-үш аптада қазақшалап, өзіне поштамен жібергеніне куәлік етіпті...

Байырғы Русь поэзиясының шынайы халықтық рухын сақтай отырып шебер толғаған, лиро-эпостық деңгейге көтеріп бекем сомдаған Есенин шығармаларының шоқтығы – «Анна Снегина» Ебіней Бөкетовтің аудармасында былай басталады:

«Радово атты селомыз,
Екі жүз түтін санасаң,
Сүйсіндірер даламыз,
Көз жіберіп қарасаң.
Жайқалған орман, суға бай,
Жайылым мол, егінжай.
Егістік бойын қуалай,
Тізілтіп терек егілген...».

Түпнұсқадағы: «Приятственны наши места» деген жол – «Сүйсіндірер даламыз» боп түрленіп, бірден-ақ қазақы жөнге көшкеніне назар аударыңыз!.. Аудармашы «менің өлкем», «туған жерім» деген сынды балама сөзге ұйқас іздемейді, шындап іздесе табуы да сөзсіз. Жоқ, аудармашы өйтпейді. Ұлы Гете суреттеген неміс орманын М. Лермонтов Русь орманына айналдырып орысша мүлгіткені тәрізді, Абай салған үлгіге қарап («Қараңғы түнде тау қалғып, Ұйқыға кетер балбырап») бой түзеп, яки «наши места» «қазақ даласына» айналып, тап осы шумақтағы байырғы орыс селосына тән «двор» да қазақ ұғымына жақындап, «түтін» болып түрленіп, Есениннің ұғымға жеңіл, ойнап тұрған сегіз жол шумағы сол өлшеммен қазақшаға көшкенде, байырғы қазақ ауылының келбетін көз алдыңызға келтіреді. Осы әсер келесі бөлімде күшейе түседі. Әрине, сол үлгіге икемдеу үшін

аудармашы автордың ой сорабын, поэма желісін бұзбай, бірақ шығарма тініне бойлаған сайын алғашқы шумақтың әсерін әрлендіре береді...

Біздіңше, алғашқы сегіз жолдан-ақ Ебіней Арыстанұлы бұл поэмаға неліктен қызыққанын айқын аңғартады. Оны мен поэманың түпнұсқасын және аудармасын шұқшия оқу үстінде емес, шынтуайтын айтқанда, 2003 жылдың тамылжыған тамызында Ебекең елі – Есіл бойына барып, ғалымның туып-өскен жеріндегі жайқалған ну орманды, солардың аралығындағы сарғайған егістік алқабын, толқын тулаған шалқар теңізге ұқсаған су қоймасын, жағасында табиғаттың иен сыйы құсап бұйығы қалпында қалқыып тұрған жұпыны қазақ ауылы – Бағанатыны көргенде ұқтым...

Меніңше, Сергей Есениннің осы поэмасынан Ебіней Арыстанұлы өзінің атамекені Алыпқашты, бертінгі әулеті қоныс еткен қарапайым қазақ ауылының бала күнінде көзімен көріп, басынан кешкен, мал бағып, шаруа күйлеген, бел шалғымен шөп шапқан, егін еккен, соңғы жылдарда су астында қалып, үшті-күйлі жоғалып кеткен қимас кейпін тапқан. Нақты сол демесе де ұшқыр көңілімен ұқсатқан сияқты...

«Анна Снегинаны» шұқшия оқу бізге одан да өзге жайтты аңғартты...

Орыс ақыны туған селосының атын сәл өзгертіп, 1917-1924 жылдар аралығында атақонысының қаншалықты күйзеліп, төңкеріс зардабынан неше түрлі азап шеккен шерлі тарихын поэзия тілімен шым-шымдап өрнектеп, Радово тұрғындарының қилы тағдырын өреді де, оқиға өрбуіне өзі мен Анна Снегина есімді үнемі ақ киіммен жүретін арудың өзара сүйіспеншілігін арқау етеді.

Поэманың алғашқы бөлімі мынадай жаныңды дір еткізер шумақпен аяқталады:

«Гүлдерге бетті сипатып,
Аралап келем бау-бақты.
Жарқ етті жастық қымбатты,
Көргенде ескі шарбақты.
Мына бір есік тұсында,
Он алты жаста ем, үмітті ем.
Ақ киген албырт қыз сонда,
Елжіреп еді: «Ұмыт!» – деп...»

Арада алты жыл өткен соң екі жас туған селосында кездейсоқ кездеседі. Бұл кезде екеуі де есейіп, өмір өткелегінің асу-кезеңдерін бастарынан кешкен. Көп нәрсені біледі, көп нәрседен жиреніп те үлгерген. Бірақ, он алты жастағы бір-біріне деген ыстық сезім арада өткен жылдарды демде ұмыттырып қайыра табыстырады:

«Ай әзезіл мәз бүгін,
Жоқ жүректе жас қарқын.
Қайта келді жаз бүгін,
Қайта келді он алтым.
Құпиямыз көп өзара
Айырылыстық таң ағара...
Қызыққа бізді мәз еткен,

Құдыретті еді жаз неткен!..»

Тағы да үш жыл өтеді. Радово тұрғындары неше алуан шерлі оқиғаларға кез болады. Анна Снегинаның күмбез шатырлы үйін мұжықтар тонайды. Үй иелері туған жерінен пана таппай тентіреп кетеді. Тынымсыз атыс-шабыс, ақ пен қызыл болып жауласу, ең аяғында қаңырап қалған иесіз үйлер, жадау өңді мұжықтар, шерлі болған тағдырлар. Анна сұлудың күмбез шатырлы әсем үйі де жер бетінен біржола құрыған...

«Ресейлік атышулы шәлкес ақын» Мәскеуді, Ленинградты адақтаудан соң Еуропаны, Американы шарлап, бәрінен де соның қу жанына пайыз таппай шаршап-шалдығып туған селосына қайтып оралады. Өзін бала күнінен Серега дейтін диірменші қарт оған түү Лондоннан жолданған хатты ұсынады:

«Есенсіз бе... мен дағы

Есік алды есімде,

Сөздеріңіз сондағы,

Кіреді жиі түсіме...

Ресейде көкек айы...

Оранды мауыт сіз жақта,

Терекпенен ну қайың. ...».

Поэма мынадай ғажап түйінмен аяқталады:

«Көңілге жылы өткен іс,

Бейнесі өшпес ақ еді.

Жастықты сүйдік бәріміз

Бізді де сүйген шақ еді...».

Поэмаға арқау болған оқиғалар қазақ ауылы кешкен, орыс шекарасына таяу жерде қоныс тепкен өз ауылының тап сол қарсаңда көрген теперіш-тауқыметі «Анна Снегинада» айна қатесіз дәл сипатталып, көркем түрде ғана емес, тарихи нақты, шынайы халықтық сарында баяндалған әрі эпикалық биікке көтеріліп зор поэтикалық әуенмен сомдалған.

Е.Бөкетов аудармасы 1962 жылғы 2 желтоқсанда «Советтік Қарағанды» газетінде басылыпты. «Қазақ әдебиеті» газеті оны 10 жылдан соң, 1971 жылдың 8 қаңтар күнгі санында жария еткен. Ебіней ақын С. Есениннің «Советтік русь», «Келіншекке хат» және «Качаловтың итіне» деген лирикалық өлеңдерін тәржімалап, соларды «Анна Снегинаға» қосып, «Жалын» баспасынан 1978 жылы ғана «Менің махаббатым» деген атпен шағын кітапша етіп жариялаған. Қысқасы, Сергей Есениннің ең мықты шығармасы қазақ оқырманына аударылған мерзімінен 16 жыл бойы жарыққа шықпай, қапаста жатқан. Академик Мұхамеджан Қаратаев: «Ұлы орыс халқының ерен талант иесі, керемет лирик ақыны Сергей Есенинді қазақ тіліне аудару ісіне... қол ұра бастауымыз, сөз жоқ, игі бастама. Ал оны кемел аудару – алынбаған қамал секілді алда тұрған абыройлы міндет. Есенин поэзиясы барлық сипатымен, сырымен, үлгісімен, үнімен қазақ оқырмандарына толық жетуі қажет...» – деген уәжбен аяқтапты осы басылымға жазған алғысөзін.

Бір жайтты ескерту парыз: 1962 жылдың қоңыр күзінде Сергей Есенинді қайыра ашуымен Ебіней Бөкетов әдеби замандастарынан әлденеше жыл бұрын соныға жол тартып, әмбе сол қадамымен ол уақытша «ұмытқан» сүйікті әдебиетіне қайтып оралған.

Buketov university